ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 26 желтоқсаны № 7119-24-00-2/16312 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Р.Б.Жанәділова, азаматтық ісін оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУПАКЕР:
«Венера Ретбай» Изтилеуова Венера Ретбаевна жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талапп қоюшы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жауапкер «Венера Ретбай» Изтилеуова Венера Ретбаевна жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып тану туралы талап арызы, қанағаттандырылсын.

«Венера Ретбай» Изтилеуова Венера Ретбаевна жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Венера Ретбай» Изтилеуова Венера Ретбаевна жеке кәсіпкерінен мемлекеттік пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге апелляциялық шағым, наразылық шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешім көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Көкшетау қалалық соты арқылы келтірілуі мүмкін.

Судья Жанәділова Р.Б.

Құжатқа қол қойылған: Жанадилова Р. Б., 26.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 07.02.2025, судья Жанадилова Р. Б., 10.02.2025

7119-24-3-1/15750